

Бекітемін: _____
Табантал орта мектебінің директоры: _____
А.С.Калиев



ВАРИАТИВТІК БӨЛІМ

Тақырыбы:

«Әріптер әлемі»

Мектепалды даярлық сыныбы

Құрастырушы: даярлық сынып мұғалімі Абдикова М.С.

Қаралды:

Хаттама № 1

Әдістемелік бірлестікте 2021 ж

Әдістемелік бірлестік жетекшісі: Рысжан З.К.

Тексерілді:

Мектеп директорының

оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Наренова

2021-2022 оқу жылы

Әріптер әлемі

Мақсаты: мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға қаламды дұрыс ұстауды үйретіп, жазуға дайындау.

Міндеттері:

- дыбыстарды әріптермен дұрыс таңбалауға, жазуға, сөз ішіндегі ойлардың байланысуы тәсілдерін сақтап, сөздерді тұтас жазуға үйрету.;
- жазудың талаптарын орындату.
- Қатаң, ұяң дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге жаттықтыру;

Мазмұны:

бағдарлама талабына сәйкес балаларды жазудың графикалық дағдысы (әріптерді дұрыс жазуға және олардың байланысы) және қарапайым орфографиялық дағды (сөздің дыбыстық және әріптік құрылымын дұрыс жазу) қалыптасуы қажет. Мектепалды даярлығында жазуға үйрету оқуға үйретумен қатар жүргізіледі. Алты жастағыларды жазуға үйретудегі қиындықтарға байланысты жазба және баспа әріптерді оқып үйренуге біраз жеңілдіктер қарастырылады. Барлық кіші әріптер баспа әріптермен қатар үйретіледі. Кейбір жазудың қиындық келтіретін бас әріптер кейінірек үйретіледі.

Дайындық кезеңінде графикалық жаттығуларды орындау үшін 10-12 минут бөлінеді. Ол үшін төмендегі ережелер қолданылады.

1. Жазуға үйрету, партаға отыру, қаламды, дәптерді дұрыс қою ережелерін сақтаудан басталады. жазу кезеңінде жарық баланың сол жағынан түсу керек.
2. Балапанның дәптерінде баланың саусақ бұлшық еттерін жазуға икемдеп, дайындау үшін тапсырмалар берілген. сол үлгі бойынша жұмыс жүргізіледі.
3. Тапсырмамен толық таныстырылғаннан кейін оны партаның, үстелдің үстіне 30градус бұрыш жасайтындай жасайтындай жағдайда орналастыруға ерекше көңіл бөлінеді.
4. Жазу үлгісіндегі әрбір әріптің жеке элементтерін жазғызып, одан соң ол әріптің баспа түрін тұтастай жазу үйретіледі.
5. Әрбір әріптің баспа және жазба түрі салыстырмалы түрде көрсетіліп отырады.

Әріптерді жазуға үйретудегі тәртібі мынадай:

1. Жаңа әріпті таныстыру, көрсету, әріп тақтада жазылады, демонстрациялық материал мен дәптерде әріптің жазба түрлері көрсетіледі.
2. Педагог жаңа әріпті тақтада және ауада жазып көрсетеді.
3. Дәптердегі жаңа әріптің үстінен басып жазу.
4. Жаңа әріп элементтерін және әріпті толық жазу
5. Өздерді жазу
6. Сөйлемді жазу.

Педагог жаңа әріпті тақтада жазылуын көрсете отырып түсіндіреді. Әр баламен қаламды ұстап жүргізіп, бір әріпті жазып көрсетеді. Келесі әріпті бала өзі жазады. Педагог аралап жүріп дұрыс жазбаған баламен жеке жазу жұмысын жалғастырады.

Мектепке дейінгі білім берудің оқу жоспарына сәйкес көркем жазу оқу іс- әрекеті бойынша апталық сағат саны- 1 сағат жылына 32 сағат

Көркем жазу. Аптасына -1сағат.

№	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Қолданылатын көрнекіліктер	Сағаты
1.	Балапан дәптеріндегі №1 тапсырманы орындау.	Оқушыларға қаламды дұрыс ұстауды, жазу кезінде партада дұрыс отыруды үйрету. Жазуға деген ынтасын арттыру	Жазу үлгілері.	1
2	Балапан дәптеріндегі №2	Оқушылардың каллиграфиясына назар аудару. Көркем, сауатты жазуға дағдыландыру.	Жазу үлгілері.	1
3.	Балапан дәптеріндегі №3 тапсырманы орындау.	Оқушыларды ұқыптылыққа, сауаттылыққа тәрбиелеу.	Жазу үлгілері.	1
4.	Балапан дәптердегі №4 тапсырманы орындау.	Оқушылардың каллиграфиясын қадағалау.	Жазу үлгілері.	1
5.	Аа әрпін жазу.	Аа әрпінің жаылу калграфиясын үйрету, дұрыс жазуға назарын аудару.	Аа әрпінің жазылу карточкасы.	1
6.	Тт әрпін жазу.	Т әрпі бар қысқа сөздерді жазуға дағдыландыру, сауатты жазуға үйрету.	Т әрпі бар сөздер. Кеспе әріптер.	1
7.	Пп әрпін жазу.	Таза, ұқыпты жазуға дағдыландыру.	П әрпі бар карточкалар, кеспе әріптер.	1
8.	Нн әрпін жазу.	Оқушылардың каллиграфиясына назар аудару, өз бетімен жазуға машықтандыру.	Кеспе әріптер.	1
9.	Ғғ, Гг әріптерін жазу.	Оқушыларды әріптерді әдемі, көркем жазуға үйрету.	Ғ әрпі бар сөздер. Кеспе әріптер.	1
10.	Рр әрпін жазу.	Р әрпі бар сөздерді буынға бөліп жазуға дағдыландыру.	Кеспе әріптер. Жазу үлгісі.	1
11.	Лл әрпін жазу.	Көркем, сауатты етіп жазуға дағдыландыру.	Кеспе әріптер, жазу үлгісі.	1
12.	Уу әрпін жазу.	Оқушылардың жазу каллиграфиясын қадағалау.	Жазу үлгісі. Кеспе әріптер.	1
13.	Шш әрпін жазу.	Өткен әріптерді жазуға дағдыландыру.	Жазу үлгісі. Кеспе әріптер.	1
14.	Йй әрпін жазу.	Таза, ұқыптылыққа үйрету.	Кеспе әріптер.	1
15.	Оо әрпін жазу.	Сауатты жазуға дағдыландыру.		1
16.	Ққ әрпін жазу.	Оқушылардың каллиграфиясын қадағалау.	Жазу үлгісі, кеспе әріптер.	1
17.	Дд әрпін жазу.	Д әрпі бар сөздер құрап жазуға үйрету. Сауатты жазуға дағдыландыру.	Кеспе әріптер.	1
18.	Мм әрпін жазу.	Өткен әріптерді жат жазуға	Кеспе әріптер.	1

		үйрету.		
19.	Бб әрпін жазу.	Б әрпі бар сөздерді буынға бөліп жазуға дағдыландыру.	Жазу үлгісі.	1
20.	Сс әрпін жазу.	Сауатты, көркем жазуға машықтандыру.	Кеспе әріптер.	1
21.	Ыы әрпін жазу.	Дауысты дыбыстарды ажырата білуге, дауысты әріптерді жаза білуге үйрету.	Кеспе әріптер.	1
22.	Жж әрпін жазу.	Оқушылардың каллиграфиясын қадағалау.	Кеспе әріптер.	1
23.	Ұұ, Үү әріптерін жазу.	Дауысты дыбыстарды жат жазуға дағдыландыру.	Жазу үлгісі.	1
24.	Ңң әрпін жазу.	Оқушылардың каллиграфиясына назар аудару.	Кеспе әріптер.	1
25.	Ее әрпін жазу.	Сөздерді жазуға үйрету.	Жазу үлгісі.	1
26.	Кк әрпін жазу.	Дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді меңгерту, сауатты жазуға үйрету.	Кеспе әріптер.	1
27.	Іі әрпін жазу.	Дауысты дыбыстарды ажырата білуге машықтандыру.	Жазу үлгісі. Кеспе әріптер.	1
28.	Әә әрпін жазу.	Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды меңгерту.	Кеспе әріптер.	1
29.	Ии әрпін жазу.	Көркем сауатты жазуға дағдыландыру.	Кеспе әріптер.	1
30.	Зз әрпін жазу.	Оқушылардың каллиграфиясын қадағалау.	Жазу үлгісі.	1
31.	Өө әрпін жазу.	Дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету.	Кеспе әріптер.	1
32.	Алфавит жазу.	Сауатты, көркем жазуға дағдыландыру.	Кеспе әріптер. Жазу үлгісі.	1

Бекітемін: _____
Табантал орта мектебінің директоры:
А.С.Калиев

ВАРИАТИВТІК БӨЛІМ

Тақырыбы:

«Логика»

Мектепалды даярлық сыныбы

Құрастырушы: даярлық сынып мұғалімі Абдикова М.С.

Қаралды:

Хаттама № 1

Әдістемелік бірлестіктегі _____ 08 2021ж

Әдістемелік бірлестік жетекшісі: Рысжан З.К.

Тексерілді:

Мектеп директорының

оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Наренова

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Логика – аптасына 1 рет 32 сағат

Ұсынылып отырған бағдарлама мектеп жасына дейінгі оқытуда алған білімдерін тереңдетуді, қабілетін қалыптастыруды, сол арқылы таным әрекетін белсендіруді көздейді. Жан-жақты дамуға жағдай жасай отырып, баланы ізденімпаздыққа және өзіне сенімді болуға ұмтылдырады, ақыл-ой деңгейін қалыптастырады. Өзіне өзі сенімді, қызмет жасауға жетелейді. Құрылған тапсырмалар мазмұны жағынан бір-біріне ұқсамайды. Бұл баланың ой-өрісін дамытып қана қоймай, оны байқағыштыққа, шапшандыққа, ойын дәлелдеуге де үйретіп, әрі оны жалықтырмайды. Әр түрлі оқу әрекеті сайын тапсырмалар қиындайды, көлемі көбейіп тапсырманы орындау жылдамдығы артады.

Мақсаты:

- баланың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттыру; өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру;
- негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету; яғни ақпаратты сауатты қолдана білуін қалыптастыру;
- көру, есту, байқау; іздеу, қиялдау, елестету, есте сақтау арқылы логикалық ойын дамыту;
- өз пікірін айту және оны дәлелдеу, дұрыс сөйлеуге дағдыларын қалыптастыру;
- алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету және тәрбиелеу.

Міндеттері:

- баланың қалыптасуына, тәрбиеленушінің ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу;
- өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал ету;
- баланың өмір сүруіне және мектептің келесі сатысында оқуын жалғастыру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру;

Бағдарламаның мазмұны:

1. Мектепалды даярлық топ балаларын оқыту, тәрбиелеу және дамыту талаптары мен мақсатына сәйкес;
2. Мектепалды даярлық топ жас ерекшеліктеріне және мүмкіндік өрісіне сай;

Өзектілігі:

Мектепалды даярлық топта математикалық ұғымдар түйсіну арқылы қалыптасады. Математика пәні логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, дұрыс шешім қабылдауға дағдыландырады. Баланың танымдық іс-әрекетін, белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттырып, топпен жұмыс істеуге үйренеді.

Бағдарламаны жүзеге асыру сатылары: оқу қызметіне балаларды түгелдей қамту; жеке дара қасиеттерін ескере білу; іс-әрекетке қызықтыра білу.

Бағдарламаның құрылу ерекшеліктері:

- бала білімін тексерудің өз-өзін бақылауға, жұптық бақылауға, қорытынды бақылауға негізделуі.

Жыл соңында тәрбиеленуші білуі қажет:

- Заттардың орналасу заңдылығын;
- Геометриялық фигуралардың аттарын және олардың қасиетін;
- Зейінге берілген тапсырманы орындау;
- Айырмашылығын ажырату;

Пәнаралық кіріктіру: математика, құрастыру, тіл дамыту, бейнелеу.

Таңдау курсының базалық мазмұны.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫБЫ

«ЛОГИКА» (ВАРИАТИВ)

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Барлық сағат саны: 32сағат (аптасына 1 сағат)

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Менің керемет есімім	1	
2	Психологиялық даму деңгейі	1	
3	Мына суретте не жетіспейді?	1	
4	Есіңе сақта және нүктелерді қойып шық.	1	
5	10 сөз әдістемесі	1	
6	Бұл жерде не артық?	1	
7	Сандарды санайық	1	
8	Кім тапқыр?	1	
9	Суретке қарап әңгіме құрастыру	1	
10	Менің жанұям	1	
11	Менің досым	1	
12	«Керн- Йерасек» тесті	1	
13	Ойша суретпен саяхат	1	
14	Кім тапқыр?	1	
15	«Сөзді есінде сақта»	1	
16	«Сикырлы гүлдер»	1	
17	«Бөліп ал»	1	
18	«Аңдар қалай дыбыстайды?»	1	
19	«Графикалық диктант»	1	
20	«Зейінді бол»	1	
21	«Бояғышпен боя»	1	
22	«Мен...» досыма тілек	1	
23	«Гүл шоғы» тренинг	1	
24	«Әңгіме сұхбат» мектеп туралы әңгіме	1	
25	«Артығын тап»	1	
26	«Кілемшені немен толтырамыз?»	1	
27	Геометриялық фигуралар	1	
28	Менің мінез - құлқым	1	
29	Жағымды сезімдер	1	
30	Жағымсыз әдеттен арылу	1	
31	Үстел үсті ойындары	1	
32	Бауырсақ ертегісін сахналау	1	
	Барлығы	32	

Бекітемін: _____
Табантал орта мектебінің директоры:
А.С.Калиев



ВАРИАТИВТІК БӨЛІМ

Тақырыбы:

«Сиқырлы математика»

Мектепалды даярлық сыныбы

Құрастырушы: даярлық сынып мұғалімі Абдикова М.С.

Қаралды:

Хаттама № 1

Әдістемелік бірлестікте _____ 2021 ж

Әдістемелік бірлестік жетекшісі: Рысжан З.К.

Тексерілді:

Мектеп директорының

оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Наренова

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Қазақстан Республикасының «Нақты 100 қадам» ұлт жоспарында білім беру жүйесінде білім, білік, дағды жиынтығын меңгерту ғана емес, білімгерлердің ақпаратты өздігімен табу, талдау, оларды жүйелеу және орындау да тиімді пайдалану біліктілігін бойына сіңіру, дүниежүзілік ақпараттық ағымдарды түсіну мен түрлендіру арқылы мектепке дейінгі жаста қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыруға айрықша көңіл бөлінген. Зерттеуші ғалымдардың пікіріне сүйеніп, анықтағанымыз, мектепке дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру барысында оқытудың дамытушылық қызметін жүзеге асыру баланың оны қайта жаңғыртып көзге елестетуін, дүниетанымын дамытуда қажеттіліктерін қанағаттандырумен, таным немесе психикалық үдерістерін қалыптастырумен өзара тығыз байланыста жүргізілетініне көзіміз жетті. Олай болса, мектепке дейінгі баланы оқытудың дамытушылық қызметі өзінің мақсатымен, қызығушылығымен және орындалу тәсілдерімен ерекшеленеді. Балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру оқытудың дамытушылық қызметінің мазмұнына, ұйымдастыру әдістеріне және мотивтеріне тікелей байланысты. Мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарында балалардың ой-өрісін, логикасын, тілін дамытуда, белгілі бір затты қабылдауын, есте сақтауын қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудың маңызы ерекше.

Мақсаты: Коммуникативтік-танымдық қабілеттіліктерін, математикалық ойлауын қалыптастыру; зейін, есте, түйсік, қабылдау, шығармашылық қабілеттерін, қиялын, ойлау вариативтілігін сияқты танымдық процестерін дамыту;
-математикалық ойлау қабілетін қалыптастыру;

Міндеттері:

1. Зейін, есте сақтау қабілеті, қабылдау, шығармашылық қабілет, ой-қиялы мен жан-жақты ойлау қабілеті сынды танымдық процестерді дамыту.
2. Баланың танып-білуге деген қызығушылығын күшейтуге бағытталған оқу процесіне ынтасын ояту.
3. Ақыл-ой әрекетінің талдау, синтез, салыстыру, жинақтау, жіктеу, үлгісін жасау (модельдеу), құрастыру, себеп-салдарлық байланысын анықтау сынды тәсілдерін үйрету.
4. Мектепке дейінгі жастағы балаларды математикалық терминдерді белсенді түрде қолдануға, оқу барысында алған білімі мен қабілетін пайдалануға үйрету.
5. Санау, әртүрлі топтардағы заттарға сандық және сапалық тұрғыдан баға беру, олардың арасындағы байланысты анықтауға үйрету.
6. Кеңістік пен уақытты бағдарлау, қағаз бетінде бағдарлай алу қабілетін дамыту.
7. Шамалар, геометриялық фигуралар мен денелер туралы түсінікті нығайту.

Мазмұны:

Жиынтық.

- Санның белгілі бір заттың өлшемін көрсететін көрсеткіш екендігі жайлы түсінігін қалыптастыру.
- Жиынтық сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрастырылуы мүмкін екендігін жаттықтыру.
- «Бір» деген ұғымның бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру.
- Сан және санау.** 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету.
- Көрнекі негізінде 2,3,4,5,6 санының пайда болуымен таныстыру, 7 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.
- Сөйлеуде математикалық терминдерді қолдана білу қабілеттілігін қалыптастыру.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫБЫ**«СИҚЫРЛЫ МАТЕМАТИКА» (ВАРИАТИВ)****ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ****Барлық сағат саны: 32сағат (аптасына 1 сағат)**

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Заттардың қасиеті	1	
2	Заттар тобын салыстыру	1	
3	Кеңістікті болжау	1	
4	Не қайда орналасқан?	1	
5	Геометриялық фигуралармен танысу	1	
6	Геометриялық фигуралардың қасиеттері	1	
7	ҚУақыт арқылы бағдарлау	1	
8	$<, >, =$ артық, кем, тең таңбалары	1	
9	1 санымен таныстыру	1	
10	2 санымен таныстыру	1	
11	«+» қосу таңбасы	1	
12	«-» алу таңбасы	1	
13	3 санымен таныстыру	1	
14	4 санымен таныстыру	1	
15	5 санымен таныстыру	1	
16	«0» санымен таныстыру	1	
17	Есеп құрастырып, шешімін табу	1	
18	6 санымен таныстыру	1	
19	Қазақ халқының өзіне тән ұлттық ұғымына енген қасиетті сандар	1	
20	7 санымен таныстыру	1	
21	8 санымен таныстыру	1	
22	9 санымен таныстыру	1	
23	10 санымен таныстыру	1	
24	Ұзындықты өлшеу	1	
25	Ауыр - жеңіл	1	
26	Сұйық және сусымалы заттар	1	
27	Бүтін және бөлік	1	
28	Дидактикалық ойындар	1	
29	Ақшалар	1	
30	Есеп құрастырып, шешуін табу	1	
31	Математикалық есептер мен тақпақтар	1	
32	«Жүзден жүйрік» қорытынды	1	
	Барлығы	32	